

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы "Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну", "Эскизді (эскиздік жобаны) келісу" және "Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылуға техникалық шарттар беру" мемлекеттік қызметтерін көрсету бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 17 қазандағы № 366, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 21 қазандағы № 94 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 16 қазандағы № 654/НҚ бірлескен бұйрығы

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жанындағы Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2024 жылғы 26 қаңтардағы №1 хаттамасының 1-бөлімі 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Байқоңыр және Алатау қалаларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларында және астанасында Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы "Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну", "Эскизді (эскиздік жобаны) келісу" және "Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылуға техникалық шарттар беру" мемлекеттік қызметтерін көрсетудің пилоттық жобасы (бұдан әрі – пилоттық жоба) іске қосылсын.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы "Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну", "Эскизді (эскиздік жобаны) келісу" және "Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылуға техникалық шарттар беру" мемлекеттік қызметтерін көрсету бойынша өзара іс-қимыл алгоритмі бекітілсін.

3. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы "Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну", "Эскизді (эскиздік жобаны) келісу" және "Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылуға техникалық шарттар беру" мемлекеттік қызметтерін көрсету бойынша

пилоттық жобаны іске асыру барысында осы бұйрық Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрымен, "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қорымен интеграциялауға рұқсат береді.

4. Пилоттық жобаның әрекет ету мерзімі осы бірлескен бұйрық күшіне енген күннен бастап 2025 жылғы 1 қазанға дейін белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті "Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесіп:

1) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – МҚҚК ААЖ) ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының (бұдан әрі – АҚЖО) талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижелерімен және Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысы, бұдан әрі – Бірыңғай талаптар) сәйкес Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен АҚЖО өзара іс-қимыл хаттамаларының бар екендігін назарға алсын;

2) пилоттық жобаны іске асыру басталғаннан бастап 1 жыл ішінде "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Ақпараттандыру туралы заң) 49-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына және 38-бабы 2-тармағының 1) және 5-1) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 сәуірде № 16777 болып тіркелді) "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларының 4 және 8-тармақтарына сәйкес пилоттық жоба аяқталғанға дейін МҚҚК ААЖ-ның қызметтерді көрсету модулінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижелерінің және мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің, АҚЖО-ның ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бірлескен жұмыстар шартына және Бірлескен талаптарға сәйкес Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен АҚЖО өзара іс-қимыл хаттамаларының болуын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті ай сайынғы негізде ұсынатын техникалық шарттарды беру қызметтерін көрсетуі және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынудың қағидаларына қосымшаға сәйкес МҚҚК ААЖ-да инженерлік желілердің деректерін

өзектендіруі туралы ақпараты бойынша табиғи монополиялар субъектілеріне қатысты әкімшілік шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

7. Жергілікті атқарушы органдар 2026 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде елді мекендердің бас жоспарларының және егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларының Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығымен бекітілген Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қыркүйекте № 21342 болып тіркелді) (2, 9 қосымшаларға) сәйкестігін және МҚКК ААЖ-ға ұсынылуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін осы бірлескен бұйрықтың көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына бірлескен бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберуді қамтамасыз етсін.

9. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Ұлттық экономика вице-министрлеріне жүктелсін.

10. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрі _____ К. Шарлапаев

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және _____ Ж. Мәдиев

Премьер-Министрдің орынбасары –
Қазақстан Республикасы _____ Н. Байбазаров
Ұлттық экономика министрі

Келісілді:
Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 21 қазандағы

№ 94,
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі
2024 жылғы 16 қазандағы
№ 654/НҚ мен
Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі міндетін атқарушының
2024 жылғы 17 қазандағы
№ 366 бұйрығына
қосымша

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы "Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну", "Эскизді (эскиздік жобаны) келісу" және "Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылуға техникалық шарттар беру" мемлекеттік қызметтерін көрсету бойынша өзара іс-қимыл алгоритмі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы "Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну", "Эскизді (эскиздік жобаны) келісу" және "Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылуға техникалық шарттар беру" мемлекеттік қызметтерін көрсету бойынша өзара іс-қимыл алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм) Байқоңыр және Алатау қалаларынан басқа, Қазақстан Республикасының республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларында және астанасында пилоттық жобаны іске асыру кезінде жергілікті атқарушы органдардың, табиғи монополиялар субъектілерінің өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды.

2. Алгоритмде келесі негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МҚҚК ААЖ) - картографиялық және атрибуттық кеңістіктік-үйлестірілген деректерді жинауды, сақтауды, өңдеуді, қол жеткізуді, көрсетуді және таратуды қамтамасыз ететін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының мамандандырылған ақпараттық жүйесі, ол пилоттық жобаны іске асыру кезінде алаң ретінде әрекет етеді;

2) СЖТ - сәулет-жоспарлау тапсырмасы;

3) ТШ - техникалық шарттар;

4) объектінің бірегей нөмірі (бұдан әрі – ОБН) – объектінің мониторингілеу мақсатында құрылыс жобаларын әзірлеуге, реконструкциялауға (қайта жоспарлауға және қайта жабдықтауға) бастапқы материалдарды алудан бастап объектіні

пайдалануға қабылдауға дейін құрылыс объектісі туралы ақпаратты (мәліметтерді) жинау үшін МҚКК ААЖ-да қалыптастырылатын он сегіз таңбалы сәйкестендіруші нөмір;

5) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

6) дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі (бұдан әрі – ДҚБ) – азаматтың тарапынан тиісті келісім алынғаннан кейін дербес деректерге қол жеткізуге сұрау салынған 1414 жылғы SMS-хабарлама жіберу арқылы немесе дербес деректер субъектісінің өзге де жолымен дербес деректерге қол жеткізуді ұсынуға арналған сервис.

Алгоритмде қолданылатын барлық басқа терминдер олар "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының заңында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңында, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңында және басқа нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын мағынада қолданылады.

3. Пилоттық жобаға қатысушылар "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды сақтайды.

2-тарау. Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу үшін бастапқы материалдарды ұсыну және МҚКК ААЖ арқылы "Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

4. "Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – 1-мемлекеттік көрсетілетін қызмет) республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – 1 көрсетілетін қызметті беруші) және электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосуға ТШ беру қызметтерін жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілері (бұдан әрі – 2 көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. 1-мемлекеттік көрсетілетін қызмет мынадай кіші қызметтерге бөлінеді:

1) құрылыс жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну (СЖТ және инженерлік желілерге қосылуға ТШ беру);

2) реконструкция (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну (СЖТ және ТШ беру);

3) сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосылуға техникалық шарттар алу;

4) электр желілеріне қосылуға техникалық шарттар алу;

5) жылу желілеріне қосылуға техникалық шарттар алу;

6) құрылыс жобаларын әзірлеу кезінде СЖТ алу;

7) реконструкция (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде СЖТ алу.

6. 3), 4), 5) кіші қызметтерін көрсету тәртібі осы Алгоритмнің 2-тарауында сипатталады. Осы тарауда 1), 2), 6), 7) кіші қызметтерін көрсету тәртібі сипатталады.

7. 1), 2) кіші қызметтерін 1 көрсетілетін қызметті беруші мен 2 көрсетілетін қызметті беруші бірлесіп көрсетеді; 6) және 7) кіші қызметтерді – 1 көрсетілетін қызметтерді беруші көрсетеді.

8. 1), 2), 6), 7) кіші қызметтерін алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "электрондық үкіметтің" веб-порталына: www.egov.kz, www.elicense.kz өтуі қажет.

9. "электрондық үкімет" веб-порталында: www.egov.kz, www.elicense.kz-те 1), 2), 6), 7) кіші қызметтерін таңдау кезінде www.gov.ggk.kz веб-порталына қайта бағыттау жүзеге асырылады (Redirect арқылы).

10. Көрсетілетін қызметті алушы www.gov.ggk.kz веб-порталында ЭЦҚ арқылы авторизациядан өтеді. Сондай-ақ www.gov.ggk.kz веб-порталында "электрондық үкімет" веб-порталы: www.egov.kz арқылы авторизациядан өту мүмкіндігі бар.

11. Авторизациядан өткеннен соң көрсетілетін қызметті алушы алдын таңдалған кіші қызметтің паспортына қайта бағытталады, картада объектіні таңдайды немесе салады және мынадай құжаттарды қоса бере отырып, ДҚБ сервисі арқылы алынған дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісе отырып, осы Алгоритмге 1-қосымшаға сәйкес өтінішті толтырады (ЖМБМК АЖ-да тіркелмеген жағдайда):

1), 6) кіші қызметтерін алу үшін:

1) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесін ("Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЖМБМК АЖ) тіркелмеген жағдайда).

2), 7) кіші қызметтерін алу үшін:

1) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тұрғын үйдің пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жалпы санының кемінде үштен екі бөлігінің жазбаша келісімінің электрондық көшірмелері немесе егер өзгерістер кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қозғаған жағдайда, тұрғын үйдің пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жиналыс хаттамасы (

тұрғынжайға қолжетімділігін қамтамасыз етуге байланысты болған жағдайда, кресло-арбамен қозғалатын тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға талап етілмейді);

2) өзгертілетін үй-жайдың техникалық паспортының электрондық көшірмесі (болған жағдайда);

3) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі (егер реконструкциялау жер учаскесін қосымша бөлуді (кесіп беруді) көздейтін болса) ("Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер қорында тіркелмеген жағдайда);

4) техникалық жобаның электрондық көшірмесі (оның құрамы мен мазмұны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларына 3-қосымшада баяндалған (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 12684 болып тіркелді) (бұдан әрі – Қағидалар);

5) егер жобалаушы техникалық жобада үй-жайларды (тұрғын үй бөліктерін) жоспарланған реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) немесе үй-жайлардың шекарасын ауыстыру өзгертілетін үй-жайлармен (үй бөліктерімен) жапсарлас үй-жайлар (үй бөліктері) меншік иелерінің мүдделерін қозғайтынын көрсеткен жағдайда, егер жоспарланған реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) немесе үй-жайлардың шекарасын ауыстыру өзгертілетін үй-жайларымен (үй бөліктерімен) жапсарлас үй-жайлар (үй бөліктері) меншік иелерінің мүдделерін қозғайтын болса, олардың нотариалды куәландырылған жазбаша келісімнің электрондық көшірмелері қосымша қоса беріледі (тұрғынжайға қолжетімділігін қамтамасыз етуге байланысты болған жағдайда кресло-арбамен қозғалатын тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға талап етілмейді).

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден (ЖТ МДҚ және ЗТ МДҚ) алады). Жер учаскесі бойынша мәліметтер интеграция арқылы ЖМБМК АЖ-дан алынады.

12. 1), 2), 6), 7) кіші қызметтеріне өтініш берілген кезде жоспарланатын құрылыстың МҚҚК ААЖ-дағы бекітілген бас жоспарға, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкестігіне сервис іске қосылады және бекітілген қала құрылысы жобасына сәйкес объектінің функционалдық мәндерінің ықтимал нұсқаларын айқындайды.

13. 1), 2) кіші қызметтеріне өтініш берген кезде МҚҚК ААЖ бос қуатты есептеу сервисінің көмегімен көрсетілетін қызметті алушы мәлімделгенге жеткілікті болатын қуаты бар инженерлік инфрақұрылымдық қуаттау көзін таңдайды.

14. Көрсетілетін қызметті алушы www.gov.ggk.kz веб-порталы арқылы барлық қажетті құжаттарды берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" нәтижені алу күнін көрсете отырып, қызмет көрсету үшін тиісті сұранымды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі. Сондай-ақ 1), 2) кіші қызметтері үшін МҚҚК ААЖ ТШ тізіліміне "өтініш берілді" мәртебесімен жазба жүргізіледі.

15. 1), 2), 6), 7) кіші қызметтері таңдалған кезде интеграция арқылы қалыптастырылған өтініш www.elicense.kz-ке беріледі, www.elicense.kz тарапынан МҚҚК ААЖ-ға өтінішке беру үшін ӘҚНЖК беріледі.

16. 1 көрсетілетін қызметті беруші 1), 2), 6), 7) кіші қызметтері үшін құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

17. Өтінішті және қоса берілген құжаттарды тіркегеннен кейін 1 көрсетілетін қызметті беруші 1), 2), 6), 7) кіші қызметтер үшін көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

18. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда 1 көрсетілетін қызметті беруші 1), 2), 6), 7) кіші қызметтер үшін көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды, сондай-ақ 1), 2) кіші қызметтер үшін МҚҚК ААЖ ТШ тізілімінде мәртебе "бас тарту"-ға ауыстыру жүргізіледі.

19. 1), 2) кіші қызметтер үшін ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда өтініш өңдеуге қабылданады, МҚҚК ААЖ-да объектіге ОБН беру жүргізіледі, 1 көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттарды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде 2 көрсетілетін қызметті берушіге ТШ алу үшін өтініш жібереді.

6), 7) кіші қызметтер үшін ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда 1 көрсетілетін қызметті беруші СЖТ беру туралы шешім қабылдайды. Теріс шешім қабылдаған кезде дәлелді бас тарту қалыптастырылады және көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Оң шешім қабылданған кезде СЖТ бастапқы-рұқсат беру құжаты қалыптастырылады және көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады, сондай-ақ МҚҚК ААЖ-ның СЖТ тізіліміне жазба жүргізіледі.

20. 1), 2) кіші қызметтер үшін 2 көрсетілетін қызметті берушіге ТШ алу үшін материалдар жіберілген соң өтініш ұсынылған құжаттарды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаралады, бұрын берілген ТШ-ға тексеру жүргізіледі (бар болса), МҚҚК ААЖ картографиялық және атрибуттық деректері негізінде ТШ беру мүмкіндігі туралы шешім қабылданады.

21. ТШ беру мүмкіндігі болған кезде ТШ қалыптастырылады және МҚҚК ААЖ-да ТШ мәртебесі "қолданыстағыға" ауыстырылады. Олай болмаған жағдайда – қызметтің еркін техникалық қуатының тапшылығы, қызмет көрсету үшін қажетті желілердің немесе өзге де мүліктің болмауы негізделе отырып, дәлелді бас тарту қалыптастырылады және МҚҚК ААЖ-да ТШ мәртебесін "бас тартуға" ауыстыру жүргізіледі.

Содан соң 1 көрсетілетін қызметті берушіге ТШ беру жөнінде 2 көрсетілетін қызметті берушінің шешімі жіберіледі.

22. ТШ беру бойынша 2 көрсетілетін қызметті берушінің қарау нәтижесін алғаннан кейін 1 көрсетілетін қызметті беруші СЖТ беру туралы шешім қабылдайды. Теріс шешім қабылдаған кезде дәлелді бас тарту қалыптастырылады және көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Оң шешім қабылданған кезде СЖТ бастапқы-рұқсат беру құжаты қалыптастырылады және көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады, сондай-ақ МҚҚК ААЖ СЖТ тізіліміне жазылады.

23. 2 көрсетілетін қызметті беруші 1), 2) кіші қызметтер үшін өтінішті алған күннен бастап:

техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілер үшін 5 (бес) жұмыс күні;

техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілер үшін 10 (он) жұмыс күні;

ТШ беруден дәлелді бас тарту үшін 2 (екі) жұмыс күні мерзімде шешімді ұсынады.

2 көрсетілетін қызметті беруші ТШ беруден:

1) көрсетілетін қызметтердің талап етілетін көлемін ұсыну үшін қажетті бос техникалық қуат болмаған;

2) көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажетті желілер немесе өзге де мүлік болмаған жағдайларда бас тартуға жол беріледі.

24. 1-мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған құжаттарды қарау қорытындылары бойынша Қағидаларда көзделген мерзімдерде көрсетілетін қызметті беруші 1-мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін дайындайды:

1) кіші қызмет бойынша Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша СЖТ және ТШ;

2) кіші қызмет бойынша - тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертуге байланысты қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) туралы ЖАО-ның шешімі, Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша СЖТ, ТШ;

6) кіші қызмет бойынша - Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша СЖТ;

7) кіші қызмет бойынша - тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертуге байланысты қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) туралы ЖАО-ның шешімі, Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша СЖТ.

25. СЖТ және ТШ ұсынуға 1-мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мерзімі – 9 (тоғыз) жұмыс күні.

2) кіші қызметті көрсету мерзімі – өтініш берілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні.

1-мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды ұсыну мерзімі – 5 (бес) жұмыс күні.

26. МҚҚК ААЖ-да бекітілген бас жоспарлар және (немесе) егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары және инженерлік желілердің деректері болмаған кезде қызметтер көрсетілетін қызметті алушының да, көрсетілетін қызметті берушілердің де барлық өрістерін толтыра отырып, картада қажетті деректерді салмай және көрсетпей көрсетіледі.

27. 1), 2), 6), 7) кіші қызметтерін таңдау кезінде қалыптастырылған шығыс құжатына www.elicense.kz-пен интеграция арқылы ӘҚНЖК беріледі.

28. 1), 2), 6), 7) кіші қызметтерді көрсетудің шығыс құжаттарын көрсетілетін қызметті алушы gov.ggk.kz – МҚҚК ААЖ геопорталында өзінің жеке кабинетінде көре алады және жүктей алады.

29. 1), 2), 6), 7) кіші қызметтерін көрсетудің шығыс құжаттары интеграция арқылы www.elicense.kz-ке беріледі.

30. 1), 2) кіші қызметтерінің берілген ТШ бойынша ақпарат интеграция арқылы "Монополист" базасы" ақпараттық жүйесіне беріледі.

3-тарау. МҚҚК ААЖ арқылы инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға техникалық шарттарды беру тәртібі

31. 3), 4), 5) кіші қызметтер 2 көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

32. 3), 4), 5) кіші қызметтерін алу үшін көрсетілетін қызметті алушы www.gov.ggk.kz веб-порталына, "Монополист" базасы" ақпараттық жүйесіне өтуі керек.

33. "Монополист" базасы" ақпараттық жүйесінде 3), 4), 5) кіші қызметтерін таңдау кезінде www.gov.ggk.kz веб-порталына қайта бағыттау іске асырылады (Redirect арқылы).

34. Көрсетілетін қызметті алушы www.gov.ggk.kz веб-порталында ЭЦҚ арқылы авторизациядан өтеді. Сондай-ақ www.gov.ggk.kz веб-порталында "электрондық үкімет" веб-порталы: www.egov.kz арқылы авторизациядан өту мүмкіндігі бар.

35. Авторизациядан өткеннен соң көрсетілетін қызметті алушы алдын таңдалған кіші қызметтің паспортына қайта бағытталады, картада объектіні таңдайды немесе салады және жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесін қоса бере отырып (ЖМБМК АЖ-да тіркелмеген жағдайда), ДҚБ сервисі арқылы алынған дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісе отырып, осы Алгоритмге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті толтырады.

36. Бос қуатты есептеу сервисінің көмегімен өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы мәлімделгенге жеткілікті қуаты бар инженерлік инфрақұрылымның қуат көзін таңдайды.

37. Көрсетілетін қызметті алушы www.gov.ggk.kz веб-порталы арқылы барлық қажетті құжаттарды берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" нәтижені алған күнін көрсете отырып қызмет көрсету үшін тиісті сұранымды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі. Сондай-ақ МҚҚК ААЖ ТШ тізіліміне "өтініш берілді" мәртебесімен жазба жүргізіледі.

38. 2 көрсетілетін қызметті беруші құжаттар мен мәліметтерді олар түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

39. Содан соң 2 көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттарды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтінішті қарайды, алдын берілген ТШ-ға (болған жағдайда) тексеру жүргізіледі, МҚҚК ААЖ картографиялық және атрибуттық деректері негізінде ТШ беру мүмкіндігі туралы шешім қабылданады.

40. ТШ беру мүмкіндігі болған жағдайда – ТШ қалыптастырылады және көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қол қойылған электронды құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады, сондай-ақ МҚҚК ААЖ-да ТШ-ның мәртебесі "қолданыстағы" болып ауысады.

41. ТШ беру мүмкіндігі болмаған кезде – қызметтің бос техникалық қуатының тапшылығын, желінің немесе қызмет көрсету үшін қажетті өзге де мүліктің болмауын негіздей отырып, дәлелді бас тарту қалыптастырылады және көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қол қойылған электронды құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады, сондай-ақ МҚҚК ААЖ-да ТШ-ның мәртебесі "бас тарту" болып ауысады.

42. 2 көрсетілетін қызметті беруші өтінішті алған күннен бастап:

техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілер үшін 5 (бес) жұмыс күні;

техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілер үшін 10 (он) жұмыс күні;

ТШ беруден дәлелді бас тарту үшін 2 (екі) жұмыс күні мерзімде шешімді ұсынады.

2 көрсетілетін қызметті беруші ТШ беруден:

1) көрсетілетін қызметтердің талап етілетін көлемін ұсыну үшін қажетті бос техникалық қуат болмаған;

2) көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажетті желілер немесе өзге де мүлік болмаған жағдайларда бас тартуға жол беріледі.

43. Инженерлік коммуникациялар (инженерлік инфрақұрылымның қоректендіру көздері және қуаттар) туралы деректер болмаған кезде қызметтер картада қоректендіру көздерін тандамай көрсетіледі.

44. 3), 4), 5) кіші қызметтерін көрсетуге құжаттарды қарау нәтижелері бойынша 2 көрсетілетін қызметті беруші қызметті көрсету нәтижесі – ТІШ немесе дәлелді бас тартуды дайындайды.

45. 3), 4), 5) кіші қызметтерінің берілген ТІШ туралы ақпарат интеграция арқылы "Монополист" базасы" ақпараттық жүйесіне беріледі.

4-тарау. Құрылысқа эскизді (эскиздік жобаны) келісу және МҚКК ААЖ арқылы "Эскизді (эскиздік жобаны) келісу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

46. "Эскизді (эскиздік жобаны) келісу" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – 2-мемлекеттік көрсетілетін қызмет) 1 көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

47. 2-мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкіметтің" веб-порталына: www.egov.kz, www.elicense.kz өтуі қажет.

48. "электрондық үкімет" веб-порталында: www.egov.kz, www.elicense.kz-те 2-мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдау кезінде www.gov.ggk.kz порталына қайта бағыттау жүзеге асырылады (Redirect арқылы).

49. Көрсетілетін қызметті алушы www.gov.ggk.kz веб-порталында ЭЦҚ арқылы авторизациядан өтеді. Сондай-ақ www.gov.ggk.kz веб-порталында "электрондық үкімет" веб-порталы: www.egov.kz арқылы авторизациядан өту мүмкіндігі бар.

50. Авторизациядан өткеннен соң көрсетілетін қызметті алушы 2-мемлекеттік көрсетілетін қызметтің паспортына қайта бағытталады, картада объектіні таңдайды немесе салады және объектінің ОБН (болған жағдайда) және ОБН алдын берілмеген болса СЖТ көрсете отырып, эскиздің (эскиздік жобаның) электронды көшірмесін қоса бере отырып, ДҚБ сервисі арқылы алынған дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісе отырып, осы Алгоритмге 2-қосымшаға сәйкес өтінішті толтырады.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден (ЖТ МДҚ және ЗТ МДҚ) алады). Жер учаскесі бойынша мәліметтер интеграция арқылы ЖМБМК АЖ-дан алынады.

52. МҚКК ААЖ-да өтінішті толтыру кезінде объектінің ОБН болуына тексеру жүргізіледі. Объектіде ОБН болмаған жағдайда объектіге ОБН генерацияланады.

53. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" 2-мемлекеттік

көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, 2-мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

54. Содан соң қалыптастырылған өтініш интеграция арқылы www.elicense.kz-ке беріледі, www.elicense.kz тарапынан МҚҚК ААЖ-ға өтінішке беру үшін ӘҚНЖК беріледі.

55. 1 көрсетілетін қызметті беруші МҚҚК ААЖ автоматтандырылған жұмыс орнында құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

56. Өтініш тіркелген соң МҚҚК ААЖ эскиздер тізіліміне жазылады.

57. Өтінішті және қоса берілген эскизді (эскиздік жобаны) тіркегеннен кейін 1 көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушінің құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

58. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда 1 көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және 1 көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

59. Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда өтініш өңдеуге қабылданады.

60. 1 көрсетілетін қызметті беруші қоса берілген құжаттарды Қағидалардың 54-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда 1 көрсетілетін қызметті беруші дәлелді бас тартуды береді және 1 көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес болған кезде МҚҚК ААЖ тізілімдеріне жазба жүргізіледі: МҚҚК ААЖ-да эскиздер тізілімінде және СЖТ тізілімінде жазба жасалады (СЖТ бұрын МҚҚК ААЖ-да берілмеген жағдайда), сондай-ақ жазбаның берілген ОБН беріледі. Бұдан әрі МҚҚК ААЖ да келісе отырып шығыс құжаты қалыптастырылады.

61. 2-мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған құжаттарды қарау қорытындылары бойынша Қағидаларда көзделген мерзімдерде 1 көрсетілетін қызметті беруші ОБН, объектінің атауы мен орналасқан жері көрсетіле отырып, келісу хатын не дәлелді бас тарту дайындайды.

62. Шығыс құжатқа 1 көрсетілетін қызметті беруші қол қояды және 1 көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

63. Қалыптастырылған шығыс құжатқа с www.elicense.kz –пен интеграция арқылы ӘҚНЖК беріледі.

64. 2 мемлекеттік көрсетілетін қызметтің шығыс құжаттарын көрсетілетін қызметті алушы МҚҚК ААЖ геопорталында – www.gov.ggk.kz өзінің жеке кабинетінде қарап жүктей алады.

65. 2 мемлекеттік көрсетілетін қызметтің шығыс құжаттары интеграция арқылы www.elicense.kz-ке беріледі.

1-қосымша

1-мемлекеттік көрсетілетін
қызмет үшін өтініш нысаны

Бастапқы материалдарды/сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды ұсыну / тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертуге байланысты қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін бастапқы материалдар алу туралы өтініш

Сәулет және қала құрылысы
саласындағы уәкілетті
органға _____
Өтініш беруші: _____
Өтініш беруінің ЖСН: _____
Телефоны: _____

Сізден:

Реконструкцияға бастапқы материалдарды (сәулет-жоспарлау тапсырмасы) беруді сұраймын. Облыс _____

Аудан _____

Елді мекен _____

Шағын аудан _____

Жобаланатын объектінің мекенжайы: _____

Кадастрлық нөмірі: _____

ОБН _____

Функционалдық мақсаты: _____

Жобаланатын объектінің нысаналы мақсаты: _____

Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ оларды МҚҚК ААЖ арқылы мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне (БСН 141040008075) беруге келісім беремін.

Дербес деректердің трансшекаралық берілуінің жоқтығы, сондай-ақ жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректердің таралуының жоқтығы туралы хабарлаймыз.

Жиналатын деректердің тізбесі: ЖСН, БСН, телефон нөмірі.

Энергиямен жабдықтау желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру туралы өтініш

Өтініш беруші: _____

Өтініш берушінің ЖСН: _____

Телефоны: _____

Кадастрлық нөмірі: _____

Жобаланатын объектінің атауы: _____

Жобаланатын объектінің мекенжайы: _____

1. Техникалық шарттарды беру қажеттілігі _____
2. Кадастрлық нөмірі _____
3. ОБН _____
4. МЖТ _____
5. Облыс _____
6. Елді мекен _____
7. Шағынаудан/көше _____
8. КАТО: _____
9. Объектінің мекенжайы _____
10. Объектінің атауы _____
11. Жобаланатын объектінің түрі _____
12. ТШ алу үшін негіздеме _____
13. Мәлімделген қуаты, кВт/сағ _____
14. Кернеу деңгейі (қосылатын қондырғының номиналды кернеуі), Кв _____
15. Электрмен жабдықтау сенімділігі санаты _____
16. Қосалқы тұтынушылардың тізбесі және олардың электр қондырғыларының сипаттамалары _____

Жылумен жабдықтау желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру туралы өтініш

Өтініш беруші: _____

Өтініш берушінің ЖСН: _____

Телефоны: _____

Кадастрлық нөмірі: _____

Жобаланатын объектінің атауы: _____

Жобаланатын объектінің мекенжайы: _____

Сізден жылумен жабдықтау желілеріне қосылуға техникалық шарттар беруіңізді сұраймын

ТШ беру негіздемесі: _____

Жалпы жылулық жүктеме (Гкал/сағ): _____

Сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру туралы өтініш

Өтініш беруші: _____
Өтініш берушінің ЖСН: _____
Телефоны: _____
Кадастрлық нөмірі: _____
Жобаланатын объектінің атауы: _____

Жобаланатын объектінің мекенжайы: _____

Сізден сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосылуға техникалық шарттар беруіңізді сұраймын

Суға жалпы қажеттілік (тәулігіне м3): _____

Ағынды сулардың жалпы саны (тәулігіне м3): _____

2-қосымша

2-мемлекеттік көрсетілетін
қызмет үшін өтініш нысаны

Эскизді (эскиздік жобаны) келісу

_____ қаласының сәулет
және қала құрылысы
саласындағы уәкілетті органына
Кімнен: _____
Мекенжайы: _____
Байланыс телефоны: _____

Өтініш

Сізден келісуді сұраймын _____

Тапсырыс беруші: _____

Жобаланатын объектінің атауы: _____

Жобаланатын объектінің мекенжайы: _____

Кадастрлық нөмірі _____

ОБН (болған жағдайда) _____

Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ оларды МҚҚК ААЖ арқылы мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне (БСН 141040008075) беруге келісім беремін.

Дербес деректердің трансшекаралық берілуінің жоқтығы, сондай-ақ жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректердің таралуының жоқтығы туралы хабарлаймыз.

Жиналатын деректердің тізбесі: ЖСН, БСН, телефон нөмірі.